

## Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметшілерін лауазымға тағайындау және олармен еңбек шартын тоқтату қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы № 261 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылды 12 қазанды № 7996 тіркелді.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 16.07.2014 № 132 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.02.2024 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметшілерін лауазымға тағайындау және олармен еңбек шартын тоқтату қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 16.07.2014 № 132 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2012 жылғы 4 тамыздан бастап туындаған қатынастарда қолданылады.

Ұлттық Банк  
Төрагасы

Г. Марченко

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2012 жылғы 24 тамыздағы  
№ 261 қаулысымен  
бекітілген

## Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметшілерін лауазымға тағайындау және олармен еңбек шартын тоқтату қағидалары

Ескерту. Қағиданың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 16.07.2014 № 132 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1-тарау. Жалпы ережелер

**Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.03.2017 № 48 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен**

1. Осы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметшілерін лауазымға тағайындау және олармен еңбек шартын тоқтату қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Еңбек кодексі) және "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Ұлттық Банк туралы заң) сәйкес әзірленді.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.02.2024 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2. Қағидалардың нормалары тағайындалу тәртібі және босатылуы мемлекеттік қызмет туралы заңнамамен реттелетін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – Ұлттық Банк) саяси мемлекеттік қызметшілеріне қолданылмайды.

## **2-тaraу. Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұфымдар**

**Ескерту. 2-тaraу жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.03.2017 № 48 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен**

3. Қағидаларда мынадай ұфымдар пайдаланылады:

1) Агенттіктер – Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі ("Қазақстан Республикасының қаржы нарығын мемлекеттік реттеу жүйесін әрі қарай жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 12 сәуірдегі № 25 Жарлығымен таратылды), Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі ("Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 11 қарашадағы № 203 Жарлығымен құрылды);

2) ведомстволар – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Алматы қаласындағы өнірлік қаржы орталығын дамыту комитеті ("Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 458 Жарлығымен таратылды), Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті ("Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 30 қаңтардағы № 744 Жарлығымен таратылды), Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржылық қызметтерді

тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті ("Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 30 қантардағы № 744 Жарлығымен таратылды);

3) кадр қызметі – Ұлттық Банктің қызметкерлермен жұмыс жүргізу бөлімшесі (филиалдарда – қызметкерлермен жұмыс жүргізу жөніндегі маман);

4) кадр резерві – Ұлттық Банк Төрағасы бекіткен, Ұлттық Банк қызметшісінің бос лауазымына кейіннен орналасу үшін конкурстан немесе іріктеуден ойдағыдай өткен адамдардың тізімі;

5) конкурс – Ұлттық Банк қызметшісінің бос лауазымына орналасу үшін өткізілетін рәсімдер;

6) конкурсқа қатысушылар – конкурс туралы хабарландыру жарияланғаннан кейін Ұлттық Банкке құжаттарын тапсырған адамдар;

7) конкурстық комиссия – Ұлттық Банктің алқалы органды, ол конкурсқа қатысушылар тапсырған құжаттарды қарайды, кандидаттармен әңгімелесу жүргізеді және Ұлттық Банк қызметшісінің бос лауазымына орналасуға кандидаттарды түпкілікті іріктеуді жүзеге асырады;

8) құжаттар – конкурсқа қатысуға ниет білдірген адамдардың кадр қызметіне ұсынатын құжаттары;

9) мұдделі бөлімше – Ұлттық Банк қызметшісінің бос лауазымы бар бөлімше;

10) талаптар – Ұлттық Банк әзірлеген, Ұлттық Банк қызметшісінің лауазымына орналасуға үміткер адамдарға Ұлттық Банк бөлімшелері қызметінің негізгі бағыттарын, Ұлттық Банк қызметшілерінің лауазымдық өкілеттіктерін ескере отырып білімі, жұмыс тәжірибесі және құзыреттері бойынша қойылатын талаптар;

11) Ұлттық Банк – Ұлттық Банктің орталық аппараты, филиалдары және өкілдігі;

12) Ұлттық Банк қызметшісінің бос лауазымына орналасуға кандидаттар (бұдан әрі – кандидаттар) – конкурстық комиссияның шешімі негізінде сынаққа және әңгімелесуге жіберілген конкурсқа қатысушылар;

13) Ұлттық Банктің еншілес ұйымдары – акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы Ұлттық Банкке тиесілі занды тұлғалар;

14) Ұлттық Банктің қызметкерлері – саяси мемлекеттік қызметшілерді қоспағанда, Ұлттық Банкте қызмет атқарып жүрген, еңбекақысы Ұлттық Банк бюджетінің (шығыстар сметасының) қаражаты есебінен төленетін адамдар;

15) Ұлттық Банктің қызметшілері – мемлекеттік қызметшілер болып табылмайтын, Ұлттық Банкте Ұлттық Банктің міндеттері мен функцияларын іске асыруға бағытталған лауазымдық өкілеттіктерді жүзеге асыратын адамдар;

16) Ұлттық Банктің ұйымдары – Ұлттық Банктің республикалық мемлекеттік кәсіпорындары;

17) филиалдар – Ұлттық Банктің филиалдары;

18) іріктеу – Ұлттық Банк қызметшілерінің кадр резервін қалыптастыру мақсатында өткізілетін рәсімдер.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.06.2020 № 85 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

### 3-тaraу. Ұлттық Банк қызметшісінің бос лауазымына орналасу

Ескерту. 3-тaraудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.03.2017 № 48 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

4. Қазақстан Республикасының азаматтары және шетелдіктер Ұлттық Банк қызметшісінің бос лауазымына:

- 1) конкурстан тыс;
- 2) конкурс арқылы орналасады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.08.2021 № 73 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Ұлттық Банктің қызметшісі лауазымына:

- 1) әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;
- 2) Ұлттық Банктің қызметшісі лауазымына тағайындалар алдында үш жыл ішінде сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін тәртіптік жауаптылыққа тартылған;
- 3) сыйбайлас жемқорлық қылмыс жасаған;
- 4) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін жұмыстан босатылған;
- 5) Ұлттық Банктің қызметшісі лауазымына орналасатын уақытта өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;
- 6) міндетті арнайы тексерудің он нәтижесін алмаған адамды тағайындауға болмайды.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.02.2024 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Ұлттық Банктің қызметшісі лауазымына орналасу міндетті арнайы тексерудің он нәтижесін алғаннан кейін және тұрғылықты жері бойынша салық органына Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көзделген нысан бойынша декларацияны және "Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Занында көрсетілген мәліметтерді тапсырған соң жүзеге асырылады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.02.2024 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7. Ұлттық Банк қызметшісінің лауазымына конкурстан тыс мына адамдар:

1) Ұлттық Банк қызметшісінің бос лауазымына ауысу арқылы Ұлттық Банк қызметкерлері;

2) кадр резервінде тұрған адамдар;

3) жоғары біліктілік деңгейі және кәсіби дайындығы бар адамдар:

шет тілін білетін адамдар (IELTS халықаралық сертификатының болуы – 9-дын 6-нан төмен емес, TOEFL IBT – 120-дан 80, TCF 699-дан 400 (B2), CILS 1, HSK 11-ден 6-денгей);

және (немесе) ғылыми дәрежесі бар;

және (немесе) шетелдік жоғары оқу орындарында оқуды аяқтаған;

және (немесе) халықаралық бухгалтерлік (CMA, CPA, CIPA, CAP, ACCA, IAB) немесе қаржылық (CFM, CFA, IFA, CIMA) сертификаттары, ақпараттық технологиялар (CISA, CISM) және ішкі аудит саласында (CIA, CCSA, CRMA, CGAP, CFSA) халықаралық сертификаттары, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы (ACAMS) халықаралық сертификаты бар;

және (немесе) Ұлттық Банктің ұйымдарында және еншілес ұйымдарында, ұлттық басқарушы холдингте, оның еншілес ұйымдарында, даму институттарында, қаржы ұйымдарында, зангерлік фирмаларда (компанияларда), құқық қорғау органдарында кемінде 2 (екі) жыл жұмыс тәжірибесі бар;

және (немесе) мемлекеттік органдарда кемінде 2 (екі) жыл жұмыс тәжірибесі бар;

және (немесе) IT және киберқауіпсіздік саласында (жүйе талдаушылары, архитекторлар), құрылыш саласында (құрылышшы-инженерлер), бұқаралық ақпарат қуралдары саласында (журналистер, PR мамандары), химиялық-талдамалық сараптама саласында (металлургтер, химиктер, физиктер) лауазымының функционалдық бағыттарына сәйкес келетін ұйымдарда кемінде 3 (үш) жыл жұмыс тәжірибесі бар;

4) бұрын Ұлттық Банкте немесе оның ведомствоында, не Агенттіктерде кемінде екі жыл жұмыс істеген адамдар (еңбек шарты теріс салдар бойынша бұзылған адамдарды қоспағанда);

5) "Назарбаев Университеті" дербес білім беру ұйымы магистратурасының түлектері немесе оқуын Ұлттық Банк Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарымен жасасқан білім беру қызметін көрсету туралы шарттар шеңберінде Ұлттық Банк қаржыландырган Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары магистратурасының түлектері;

6) Президенттік жастар кадр резервіне алынған;

7) Ұлттық Банк Төрағасының шешімі бойынша Ұлттық Банкке жүктелген міндеттер мен функцияларды іске асыру үшін тартылған өзге адамдар орналасады.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.12.2020 № 153 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң**

қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.02.2024 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

8. Конкурсқа мынадай адамдар қатысады:

- 1) он сегіз жастан төмен емес;
- 2) талаптарға сәйкес.

9. Конкурсқа мынадай бір жүйедегі кезеңдер кіреді:

- 1) конкурс өткізу туралы хабарландыру;
- 2) конкурстық комиссияның құрамын бекіту;
- 3) конкурсқа қатысушылардың құжаттарын қабылдау және талаптарға сәйкестігін қарау;
- 4) кандидаттарды сынақтан өткізу;
- 5) кандидаттармен әңгімелесу;
- 6) конкурстық комиссияның қорытынды отырысы;
- 7) кадр резервін қалыптастыру.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.02.2015

№ 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

10. Конкурсқа қатысушылар конкурсқа қатысу бойынша шығыстарды (әңгіме жүргізетін орынға бару-келу жолына, тұрғын үйді жалға алу, тұру, байланыс құралдары қызметінің барлық түрлерін пайдалану және басқалары) өз қаражаты есебінен төлейді.

11. Конкурс өткізу туралы хабарландыру Ұлттық Банктің ресми интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде орналастырылады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.03.2017

№ 48 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

12. Конкурс өткізу туралы хабарландыруда мынадай мәліметтер болады:

- 1) Ұлттық Банктің атауы, орналасқан жері, кадр қызметінің телефон нөмірлері;
- 2) негізгі функционалдық міндеттерін көрсете отырып Ұлттық Банк қызметшісінің бос лауазымының атауы;
- 3) талаптар;
- 4) құжаттарды қабылдау мерзімі. Құжаттарды қабылдау конкурс өткізу туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады;
- 5) конкурсты өткізу мерзімдері мен орны.

Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.03.2017 № 48 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 21.02.2024 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен

13. Конкурстық комиссияны Ұлттық Банк Төрағасы (филиалдарда - филиал басшысы) не оның орнындағы адам бекітеді.

**Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - КР Ұлттық Банкі Басқармасының 16.07.2014 № 132 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі).**

14. Конкурстық комиссия конкурстық комиссияның төрағасынан, конкурстық комиссияның мүшелерінен және хатшысынан (кадр қызметінің өкілі) тұрады.

Конкурстық комиссияның құрамына кадр қызметінің басшысы (филиалдарда – филиалдың басшысы айқындаған тұлға), Ұлттық Банктің қызметшісі бос лауазымы бар бөлімшенің, сондай-ақ заң бөлімшесінің басшысы не оның орынбасарлары кіреді.

Конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ саннан, кемінде үш адамнан тұрады. Конкурстық комиссияның төрағасы болмаған жағдайда, оның міндеттері конкурстық комиссия мүшелерінің біреуіне жүктеледі.

15. Конкурстық комиссияның ұйымдастыру қызметін конкурстық комиссияның хатшысы қамтамасыз етеді. Конкурстық комиссияның хатшысы конкурстық комиссияның мүшесі болып табылмайды және конкурстық комиссия шешімдер қабылдаған кезде даусы болмайды.

16. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адамдар кадр қызметіне қағаз тасымалдағышта және (немесе) электрондық-цифрлық нысанда мына құжаттарды:

1) фотосуреті бар түйіндемені (накты тұрғылықты жерінің мекенжайын және телефондарын, оның ішінде байланыс телефондарын, білімі, жұмыс тәжірибесі туралы мәліметтерді көрсете отырып);

2) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті;

3) Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырылған сауалнаманы;

4) білім туралы құжаттардың нотариат куәландырған көшірмелерін ұсынады.

Шет мемлекеттерді және халықаралық немесе шетелдік оқу орындарында (олардың филиалдарында) білім алған кезде білімі жөніндегі құжатты Қазақстан Республикасының аумағында тану туралы куәліктің көшірмесі қоса беріледі;

5) нотариат куәландырған немесе жұмыс орны бойынша кадр қызметі растиған, еңбек қызметін растигайда құжаттың көшірмесін (Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесінде ақпарат болмаған кезде);

6) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін ұсынады.

**Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - КР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.08.2021 № 73 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

17. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалар олардың біліміне, жұмыс стажына, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпарат (біліктілігін арттыру, ғылыми

дәрежелер мен атақтар беру туралы құжаттардың көшірмелері, ғылыми жарияланымдар, алдыңғы жұмыс орнынан мінездемелер, ұсынымдар) болса, оны ұсынады.

18. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалар Қағидалардың 12-тармағының 4) тармақшасында белгіленген құжаттарды қабылдау мерзімінен кешіктірмей ұсынған құжаттар қарау үшін қабылданады.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 21.02.2024 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

19. Қағидалардың 16-тармағында көрсетілген құжаттардың бірінің болмауы конкурстық комиссияның құжаттарды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

20. Конкурсқа қатысушылардың құжаттарын конкурстық комиссия құжаттарды қабылдау аяқталғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарайды.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.02.2015 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

21. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысушыларды сынаққа жіберу туралы шешімді конкурсқа қатысушылардың құжаттарын қарау аяқталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қабылдайды, ол конкурстық комиссия төрағасы, мүшелері және хатшысы қол қоятын хаттама түрінде ресімделеді.

Сынаққа жіберілген кандидаттардың тізімдері Ұлттық Банктің ақпараттық стендінде көпишлікке көрінетіндегі қолжетімді жерде орналастырылады.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.02.2015 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

22. Сынақтың мақсаты кандидаттардың Қазақстан Республикасының заннамасын, Қазақстан Республикасының нақты лауазымның мамандығына сәйкес келетін салалардағы қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілерін білуін бағалау болып табылады.

Кандидаттар сынаққа жіберу туралы шешім қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде сынақтан өтеді.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.02.2015 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

23. Сынақтан өткен кезде шекті мәндерге тең немесе одан жоғары баға алған кандидаттар әңгімелесуге жіберіледі.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.02.2015 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

24. Кандидаттарды әңгімелесуге жіберу туралы шешім хаттама түрінде ресімделеді және оған конкурстық комиссия төрағасы, мүшелері және хатшысы қол қояды. Әңгімелесуге жіберілген кандидаттардың тізімдері Ұлттық Банктің ақпараттық стендінде көшилікке көрінетіндегі қолжетімді жерде орналастырылады.

**Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.02.2015 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

25. Әңгімелесудің мақсаты кандидаттардың кәсіби және жеке қасиеттерін бағалау болып табылады.

26. Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар одан сынап аяқталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде өтеді. Кандидаттарға әңгімелесу уақыты, күні және өткізілетін орны туралы кадр қызметі электрондық почта және (немесе) телефон байланысының құралдары арқылы хабарлайды.

**Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.02.2015 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

27. Кандидаттардың кәсіби және жеке қасиеттерін бағалау кезінде конкурстық комиссия талаптарды және Ұлттық Банк қызметшісінің тиісті бос лауазымының лауазымдық нұсқаулығын негізге алады.

28. Әрбір кандидатпен әңгімелесу барысы техникалық жазу құралдарының көмегімен тіркеледі. Жазбалардың тасымалдаушытары конкурстық комиссияның хатшысында сақталады. Конкурстық комиссияның техникалық жазу құралдарын қолдануы туралы белгі конкурстық комиссияның қорытынды отырысының хаттамасында жүргізіледі.

29. Әңгімелесуден өткен кандидаттардың құжаттарын конкурстық комиссия оның қорытынды отырысында қарайды.

30. Конкурстық комиссияның қорытынды отырысы әңгімелесу өткізілген күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей өткізіледі.

31. Конкурстық комиссия қорытынды отырысында кандидаттарды ұсынылған құжаттар, сынап, әңгімелесу нәтижелері негізінде бағалайды және олардың арасынан Ұлттық Банк қызметшісінің бос лауазымына орналасу және кадр резервіне есептеу үшін адамдарды іріктейді.

**Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.03.2017 № 48 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен**

32. Конкурстық комиссияның шешімі, егер отырысқа оның құрамының кемінде 2/3 қатысса, өкілетті болады.

33. Кандидат, егер ол үшін конкурстық комиссияның құрамынан қатысқандардың көпшілігі дауыс берсе, оң қорытынды алады. Дауыстар тең болған кезде конкурстық комиссияның төрағасының даусы шешуші болып табылады.

34. Конкурстық комиссияның шешімі конкурстық комиссияның қорытынды отырысының хаттамасы түрінде ресімделеді, оған конкурстық комиссияның төрағасы мен мүшелері және хатшысы қол қояды.

35. Конкурстық комиссияның оң қорытындысын алған және кадр резервіне енгізілген кандидаттардың тізімі Ұлттық Банктің ақпарат стендінде, жалпыға бірдей көру үшін қолжетімді орында, конкурс өткеннен кейін жеті жұмыс күні ішінде орналастырылады.

36. Ұлттық Банк қызметшісінің лауазымына орналасу үшін конкурстық комиссияның оң қорытындысын алған кандидаттарды жұмысқа ресімдеу Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

**37. алып тасталды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.03.2017 № 48 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен**

38. Конкурстық комиссияның шешіміне Ұлттық Банк Төрағасының (филиалдарда - филиал басшысының) атына не оның орнындағы адамға, не сот тәртібінде шағымдануға болады.

**Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 16.07.2014 № 132 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

39. Алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.02.2015 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

40. Алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.02.2015 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

41. Алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.02.2015 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

42. Алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.02.2015 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

43. Алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.02.2015 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

### **3-1-тaraу. Кадр резервін қалыптастыру**

**Ескеरту. 3-1-тaraу жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.03.2017 № 48 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен**

38-1. Кадр резерві конкурстық комиссияның оң қорытындысын алған кандидаттардан және іріктеуден өткен адамдардан қалыптастырылады.

38-2. Кадр резервіне есептеу үшін іріктеу өткізу туралы хабарландыру Ұлттық Банктің ресми интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде орналастырылады.

38-3. Иріктеуге қатысуға ниет білдірген адамдар Ұлттық Банктің ресми интернет-ресурсында түйіндеменің электрондық нұсқасын толтырады.

Түйіндемені қабылдау мерзімі хабарландыру орналастырылған күннен бастап 1 (бір) айдан соң аяқталады.

38-4. Түйіндеме қабылдау аяқталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде кадр қызметі түйіндеме ұсынған тұлғалардың тізімін қалыптастырады.

Кадр қызметі қалыптастырған адамдардың тізімі Ұлттық Банктің бөлімшелеріне әнгімелесу жүргізу үшін жіберіледі.

Әнгімелесу уақыты, күні және өткізілетін орны туралы ақпаратты кадр қызметі электрондық пошта және (немесе) телефон байланысының құралдары арқылы кадр қызметі қалыптастырған адамдардың тізімін ұсынған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде кадр қызметі қалыптастырған тізімдегі адамдарға хабарлайды.

38-5. Ұлттық Банктің бөлімшелері Ұлттық Банк бөлімшесі қызметінің бағытына сәйкес келетін салаларда білімі бар адамдарды анықтау мақсатында кадр қызметі қалыптастырған адамдардың тізімін ұсынған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде кадр қызметі қалыптастырған тізімдегі адамдармен әнгімелесу өткізеді.

Әнгімелесу нәтижелері бойынша Ұлттық Банктің бөлімшелері әнгімелесуден ойдағыдай өткен адамдардың тізімін кадр қызметіне жібереді.

38-6. Кадр қызметі әнгімелесуден өткен адамдардың бірыңғай тізімін жасайды және оны Ұлттық Банк Төрағасына бекітуге жібереді.

Іріктеуден өткен адамдардың бекітілген тізімі Ұлттық Банктің ақпараттық стендінде көпшілікке көрінетіндей қолжетімді жерде және Ұлттық Банктің ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

38-7. Кадр резервіне есептелген адамдар Ұлттық Банк қызметшісінің бос лауазымы болған жағдайда Ұлттық Банк қызметшісінің лауазымына оларды кадр резервіне есептеген күннен бастап 1 (бір) жыл ішінде тағайындалады.

38-8. Адамдарды кадр резервінен шығару мынадай жағдайларда:

1) кадр резервіне есептелген адам кадр резервінен шығару туралы өтініш берген жағдайда;

2) кадр резервіне есептелген адам Ұлттық Банк қызметшісінің бос лауазымына орналасқан жағдайда;

3) Қағидалардың 38-7-тармағында көрсетілген мерзім аяқталған жағдайда жүзеге асырылады.

38-9. Ұлттық Банктің кадр резервін қалыптастыру және одан шығару жұмысы кадр қызметіне жүктеледі.

#### **4-тaraу. Еңбек шартын тоқтату**

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.03.2017 № 48 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

44. Ұлттық Банктің қызметшілерімен еңбек шартын тоқтату Еңбек кодексінде белгіленген тәртіппен Ұлттық Банк туралы Занда көзделген негіздер бойынша жүргізіледі.

#### **5-тaraу. Қорытынды ережелер**

Ескерту. 5-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.03.2017 № 48 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

45. Қағидаларда реттелмеген мәселелер Еңбек кодексіне және Ұлттық Банк туралы Занға сәйкес шешіледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық  
Банкінің  
қызметшілерін лауазымға тағайындау  
және олармен  
еңбек шартын тоқтату қағидаларына  
1-қосымша

#### **Ұлттық Банктің қызметшісі лауазымына орналасуға үміткер адамдарға қойылатын талаптар**

Ескерту. 1-қосымша алып тасталды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.06.2020 № 85 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Ұлттық  
Банкінің  
қызметшілерін лауазымға тағайындау  
және  
олармен еңбек шартын тоқтату  
қағидаларына  
2-қосымша

Нысан

Ескерту. 2-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 16.07.2014 № 132 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының

Ұлттық Банкі

## ӘТІНШІ

Маган Ұлттық Банк қызметшісінің бос лауазымына \_\_\_\_\_

(лауазымның, бөлімшениң атауы)

орналасу конкурсына қатысуға рұқсат беруді сұраймын.

Берілген құжаттардың түпнұсқалығына жауап беремін.

қолы Тегі мен инициалдары

20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы Ұлттық  
Банкінің  
қызметшілерін лауазымға тағайындау  
және  
олармен еңбек шартын тоқтату  
қағидаларына  
3-қосымша

Ескерту. 3-қосымшага өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 16.07.2014 № 132 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

## САУАЛНАМА

(өз қолымен толтырылады)

Тегі \_\_\_\_\_

Аты \_\_\_\_\_

Әкесінің аты \_\_\_\_\_

Тегі, аты, әкесінің аты өзгертилген болса, себебін және қашан өзгертилгенін көрсетіңіз \_\_\_\_\_

Азаматтығы \_\_\_\_\_

Егер азаматтық өзгертилсе, қашан өзгертилгенін көрсетіңіз \_\_\_\_\_

Жеке куәлігінің/паспортының номірі және берілген күні \_\_\_\_\_

Сотталдыңыз ба, қашан және не үшін \_\_\_\_\_

Шетелде оқу не жұмыс істеу

Барған елі \_\_\_\_\_

Болу уақыты \_\_\_\_\_

Жұмыс немесе оқу орны \_\_\_\_\_

Сіз соттың қүшіне енгізілген үкіміне сәйкес тиісті лауазымға орналасу  
немесе тиісті қызметпен айналысу құқығынан айырылдыңыз ба, қашан және  
не үшін \_\_\_\_\_

Сіз белгіленген мерзім ішінде мемлекеттік органда лауазымға орналасу  
құқығынан айырылдыңыз ба, қашан және не үшін \_\_\_\_\_

Сіз белгіленген мерзім ішінде қаржы ұйымдарында лауазымға орналасу  
құқығынан айырылдыңыз ба, қашан және не үшін \_\_\_\_\_

Сіз Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметкерлерімен жақын  
туыстық немесе жекжаттық (ата-ана, ерлі-зайыпты, аға-інілері,  
апа-сіңлілері, балалары, сондай-ақ, ерлі зайыптылардың аға-інілері,  
апа-сіңлілері, ата-аналары және балалары) қатынастарда барсыз ба

20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ "